

bl.group.name__age

Тақпақтар, әндер: Бір тал кессең, он тал ек


Емен

Егістікте көлемді
Қоршай еккен еменді.
Ескен желден егінді
Қорғап тұрар ол енді.



Қарағай

Тау баурайы жағалай
Биік-биік қарағай.
Оқтай түзу бойлары,
Шымыр өскен баладай.



Қайың

Тұлғасымен, сәнімен,
Қайың сұлу бәрінен.
Одан көркем ағашты
Көрген жоқпын әлі мен.



Жөке

Гүлзар бақта мекені,
Көрген кезде жөкені,
Елтіп ғажап исіне,
Ара қаптап кетеді.



Қара ағаш

Көше бойы аралас,
Қаптап өскен қара ағаш.
Жемісі жоқ болса да,
Саясы мол дара ағаш.



Алма ағашы

Ағаштары аласа,
Алмалары тамаша.
Нарттай жанып тұрғанда,
Қуанасың балаша.




Өрік ағашы

Көрген болсаң өрікті,
Бәрі жерден өніпті.
Бар қарасы, сарысы,
Жемістері көрікті.




Жаңғақ ағашы

Болғанменен қап-қатты,
Дәні қандай ардақты?!
Дәмі сондай тәп-тәтті,
Жақсы көрем жаңғақты.



Жиде ағашы

Бекітеді іргені,
Пайдасы көп ел үшін.
Жұпар иісті жиденің
Теріп жейміз жемісін.



Шырша

Жасыл қыста, жазда да,
Біз қараймыз мәз бола.
Инелері сондай көп,
Жаңғақтары аз ғана.



Үйеңкі

Тұқымдары дөңгелеп,
Түсіп жатыр жерге кеп.
Өсуі үшін үйеңкі,
Ат шаптырым жер керек.



